«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

080012, Тараз қаласы, Ленин көшесі, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink.taraz@minfin.gov.kz

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

080012, г. Тараз, ул. Ленина, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink.taraz@minfin.gov.kz

№ 1МАД-Е-111/351
09.02.2018 ж.

«Бейбарс»
ЖК-інің директоры
Кеңес Е.Н.

ОҚО, Шымкент қаласы, Аль-Фарабийская Р.А., Орынбаев, 22

Сізден 2018 жылдың 1 ақпанындағы
№ ФЛ-К-22 келіп түскен хатыңызға

Қазақстан Республикасы қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит Комитетінің Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаменті Сіздің хатыңызға байланысты келесіні хабарлайды.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жамбыл облысы бойынша филиалы – «Халыққа қызмет көрсету орталығы» департаменті «Жамбыл облысы бойынша мамандандырылған ХҚКО автокөлікті жалға алу қызметін» № 2148839-1 ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуын өткізген.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» Заңының 21 бабының 1 тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы (техникалық ерекшелік) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған конкурстық құжаттаманың электрондық нысаны негізінде <u>қазақ және орыс тілдерінде әзірлейді</u>.

Конкурстық құжаттаманының № 2 Қосымшасына (техникалық ерекшелік) сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» бұйрығына сай, <u>техникалық ерекшелікте</u> сатып алынатын тауарлардың толық сипаттамасы және қажетті функционалды, техникалық, сапалық және өнімділік сипаттамалары беріледі.

Алайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының техникалық сипаттамасында әлеуетті өнім берушілер беретін құжаттарға қойылатын талаптарда келесі ұсынылған:

- Қазақ тілінде - қозғалтқыш көлемі 2900 текше см жоғары емес;
- Орыс тілінде – қозғалтқыш көлемі 2900 текше см төмен емес.

Заңның 21 бабы 3 тармағы 1 тармақшасына сәйкес, конкурстық құжаттамада осы Заңда көзделмеген жағдайларда, әлеуетті өнім берушілер санының шектелуіне алып келетін, оның ішінде әлеуетті өнім берушілерге кез

келген өлшенбейтін сандық және (немесе) әкімшілендірілмейтін талаптар белгілеуге тыйым салынады.

Осыған орай, Заңның 21-бабының 3-тармағын бұза отырып, жоғарыда көрсетілген (техникалық ерекшеліктегі) талаптар өлшенбейтін сандық болып және конкурстық құжаттамада негізсіз қарастырылған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген «Камералдық бақылауды жүргізу жөніндегі» Ереженің 11-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу ұйымдастырушысына бақылау нәтижесі бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы туралы хабарлама жіберілді.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 бабы және 14 бабының 6 бөлімдеріне сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімді жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе бағыныстылық тәртібімен субъектіге, сондай-ақ шешім қабылдағаны туралы белгілі болған кезден бастап, үш айдан кешіктірмей сотқа шағым беруіңізге болады.

Басшының орынбасары **Қ. Орманов**

Бектенов А.
43-54-60